Жоба туралы қысқаша ақпарат

Тақырыбы	AP23488243 Қазақстандағы және әлемдегі білім берудегі психодиагностиканың дамуы: мәдениетаралық талдау және валидация алгоритмін құру
Өзектілігі	Қазақстанда психодиагностикалық әдістеменің жаппай қолданылуына қарамастан шетелдік әдістемелердің қазақстандық тәжірибеге бейімделу мәселесінің бар екендігі байқалады. Кеңестік уақытта орыс тіліндегі (Мәскеу, Сант-Петербург ғалымдарының бейімдеуіндегі) әдістемелері пайдаланылған. Сонымен қатар Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде орыс тіліне бейімделген әдістемелер қолданылған; алайда, қазір қазақ тілін меңгерген жаңа ұрпақ оқушылары өсіп келеді. Сондықтан Қазақстандық тәжірибеде өзіне меншікті білім беру жүйесіндегі психодиагностикалық әдістемелерді жасау, оларды қалыпқа келтіру, әдістемелердің бейімділік сәйкестілік өлшемін жинақтау қажеттігі туындайды. Зерттеу стратегиясы қазақстандық психодиагностика ғылымының даму деңгейін анықтау үшін білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың әлемдегі дамуын кросс-мәдени талдау, жинақтау, қазақстандық тәжірибемен салыстыру; әлемдік тәжірибені Қазақстандық тәжірибеге бейімдеу әдістемесін таңдау; өзінің меншіктік алгоритімін жасау; психодиагностикалық әдістемелердің бейімделу алгоритімін және сәйкестілік өлшемдерін жинақтау және сауалнама жүргізуді қамтиды. Зерттеу жүргізу үшін қолданылатын әдістер: білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың даму тарихын кросс-мәдени талдау, психодиагностиканың ел үшін даму картасын дайындау, оларды салыстыру, SWOT-талдау; психодиагностикалық зерттеу әдістері, сарапшылар және студенттер/оқушыларға сауалнама жүргізу, SPSS, яғни ҚҒСП статистикалық өңдеу әдістері және т.б
Жоба мақсаты	әлемнің және Қазақстанның білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың дамуын кросс-мәдени талдау, тарихи даму кезеңдерін жасау, Қазақстандағы жаңа әдістемелерді эмпирикалық байқаудан өткізу және валидтеу алгоритімін жинақтау.
Жоба міндеттері	- дүние жүзіндегі білім беру психодиагностикасының даму тарихын кросс-мәдени талдау, Азия аймағы мен әлемнің басқа аймақтары мысалында даму таспаларын картаға түсіру; - психодиагностикалық әдістерге адамдардың қажеттіліктері туралы психологтар мен педагогтар арасында сараптамалық сауалнама жүргізу; - Қазақстандық білім беру тәжірибесінде, мысалы, Жапониядан, Қытайдан, Грециядан, Германиядан алу және бейімдеу үшін психодиагностикалық әдістерді анықтау; - таңдалған әдістемелерді қазақ және орыс тілдеріне аудару, 1000-нан астам студентті іріктеу бойынша статистикалық

	әдістерді қолдану арқылы әдістерді тестілеу және оларды валидациялау; - диагностикалық әдістерді қазақ және орыс тілдеріне аудару, бейімдеу және валидациялау алгоритмін жасау; - сарапшы психологтардың, педагог-психологтардың сауалнамасы және қазақстандық психодиагностикалық әдістерді әзірлеу алгоритмін құру мүмкіндігі; - әдістемелік ұсыныстар әзірлеу және психологтарға, психологиялық-педагогикалық мамандықтардың студенттеріне
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	**Күтілетін нәтижелер** 1. Әлемдік білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың даму тарихының салыстырмалы, кросс-мәдени талдауы жасалады және көпорталық тұғыр негізінде әртүрлі топтағы елдер, соның ішінде Қазақстандағы дамуының кезеңдік тізбегі ұсынылады. 2. Лайкерт шкаласы бойынша адамдардың қажеттілігіне қарай дайындалған психодиагностикалық сауалнамалардағы психологтар мен педагогтердің сараптамалық сұрауларының нәтижесі және сараптамалық бағалау алынады. 3. Монографияда әлемдік және Қазақстандағы психодиагностиканың дамуы бойынша бірінші жылдағы зерттеу тізбегі жинақталып, карталанады жарияланады. 4. Әлем елдерінде талап етілетін заманауи психодиагностикалық әдістемелердің тізімі айқындалады және Қазақстанда талап етілуі мүмкін және қолдануға бейімделген әдістемелер анықталады. 5. Әдістемелер қазақ және орыс тілдеріне аударылады, 1000 адам шамасында жүргізілген сауалнама сұрыпталып, әдістеменің сәйкестілігі және корреляциялық талдау жасалады. 6. Тәжірибені жинақтау, диагностикалық әдістемелердің бейімділігі мен сәйкестілік өлшемдері бойынша қазақ және орыс тілдеріне аударма жасаудың алгоритмі құрастырылады. 7. Қазақстандық психодиагностикалық әдістемелерді жинақтау және дайындау үшін фокус-топтық зерттеулер немесе психолог сарапшылармен интервью жүргізіледі. 8. Қазақстандағы психодиагностикалық әдістемелердің бейімділігі мен сәйкестілігін жасау үшін студенттерді немесе психологтарды оқыту жүргізіледі және әдістемелік ұсыныстар мен бағдарлама дайындалады. 9. ҒЗЖ бойынша есеп; Әлеуметтік ғылымдардың дәйексөздер индексінде, өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйексөздер индексінде және (немесе) Web of Science дерекқорында индекстелген және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore пайыздық көрсеткіші бар рецензияланған ғылыми жарияланымдағы 2 (екі) мақала немесе шолу ғылыми жарияланымда кемінде 35 (отыз бес) болуы журналдарында мақала жарияланады. ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланған отандық басылымдарда 4 мақаланы немесе шолуды жариялау; Оқыту үдерісіне енгізу актісі дайындалады, Күтілетін нәтижелер зерттеу логикасының тарихи зерттеу мен карта құрастырудан жаңа әдістемеге, психодиагностикалық сауалнама, әдістемелердің бейімділік пен сәйкестілік

	өлшемдеріне өтуі, сәйкестілік тәжірибесін жинақтау, психодиагностикалық әдістерді жасауға қарай жүргізілгендігін байқатады. Қолданылу саласы – білім беру, кәсіби дайындық, мамандардың біліктілігін көтеру. Алынған нәтижелерді психологтардың, кураторлар мен сынып жетекшілерінің студент тұлғасын оқып үйренуіндегі жоғары оқу орындарындағы немесе мектептегі психологиялық қызметінде қолдануға болады. Отандық және шетелдік ұсынылған: ҒЖБССҚК, соның ішінде әл-Фараби атындағы Хабаршы және басқа журналдарда - 4; 2-жарияланым импакт-факторы бар Скопус және т.б ғылыми журналдарда жариялану жоспарланады. Психодиагностикалық әдістемелерді бейімдеу және сәйкестендіру бойынша нәтижелер түрінде диагностикалар жинағын, 1-2 монографияны «Қазақ университеті» баспа үйінен шығару жоспарланады. **Қол жеткізілген нәтижелер** Әлемдік білімберу жүйесіндегі психодиагностиканың даму тарихына салыстырмалы, кросс-мәдени талдау жүргізілді.Көпорталықты өріс тұғыры негізінде елдердің топтасуы бойынша, соның ішінде Қазақстанның даму кезеңдерінің тізбегі ұсынылды.Тарихи үрдістер мен бірыңғай айырмашылықтар көрсетілді.Психодиагностика мен психологияда еуроамерикандық тұғырдан ориентализмге өту болды. Психологтар мен педагогтерді адамдардың психодиагностикалық әдістемелерге қажеттілігін танытатын сараптамалық сауалдаудан Лайкерт шкаласы бойынша сараптамалық бағалау алынды(30 оқытушысы қатысты). Монографияның жобасында бірінші жыл бойынша Қазақстандағы және әлемдегі білім беру психодиагностикасының дамуының тізбегі жинақталып карталанды («Әлемдегі және Қазақстандағы психодиагностиканың даму тарихын кросс-мәдени талдау» атты 4 тарау, 14 параграфтан тұратын монографияның жобасы дайындалды. (Алматы: Қазақ университеті, 2025. 252 б.), Еуропалық және АҚШ елдері мен аймақтары(1), азиялық аймақтағы елдер (2), Африкадағы (3), сонымен қатар ТМД елдеріндегі психодиагностиканың даму тарихы(4) қарастырылды. Елдер (Қазақстан, Қытай, Жапония, АҚШ, Германия және т.б.) бойынша әлемдік білім берудің психодиагностикалық даму тізбегі құрастырылды). Әлем елдерінде білім беруде сұранысқа ие заманауи психодиагностикалық әдістердің тізімі анықталды және Қазақстанда сұранысқа ие болуы мүмкін және қолдануға бейімделген әдістер анықталды. Әдістемелер қазақ және орыс тілдеріне аударылып, тестілеу жұмыстары жүргізілді *Психикалық денсаулық (қытай тілі) және психологиялық капитал (ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқалары) тесттері таңдалды, үш тест қазақ тіліне аударылды.*

	I. «Жоғары оқу орындары студенттерінің психикалық денсаулығы» қытай әдістемесінің талдамасы 1001 адамды құрады (N = 1001). Зерттеу бөліміне 591 адам қатысты, алынған әдістеменің тиімділігі қалған 410 респондентте тексерілді.Бастапқы және екінші реттік (45-ші күні) өлшемдер бойынша ұсыну нәтижелері (қайта тестілеу), сондай-ақ жалпы балл бір-бірімен корреляцияланды, бұл өлшеулердің тұрақтылығын және алынған әдістеменің жоғары сенімділігін көрсетеді.Бұл әдісті қолдану арқылы алынған нәтижелер сол уақыт ішінде тұрақты болды. Сауалнаманың бастапқы нұсқасында 12 өлшем (қытайша нұсқасы) болды, қазақша нұсқасында 8 фактор сақталды: «Әлеуметтік жалтару»,«Күйзелістік-мазасыздық бұзылысы », «Паранойя», «Өзін-өзі кемсіту», «Агрессия», «Дұшпандық», «Ауырсыну», «ОКБ». Аталған әдістеменің 6 өлшемі валидталды: Әлеуметтік жалтару»,«Күйзелістік-мазасыздық бұзылысы» ,«Паранойя», «Өзін-өзі кемсіту», «Агрессия» және «Дұшпандық». Психодиагностикалық құрал бойынша алынған нұсқа көрсетілген психологиялық құрылымдарды өлшеуде жоғары сенімділік танытты. Барлық өлшемдер (Кронбах альфасы және Макдональдс омегасы, 0,881-ден 0,934-ке дейінгі диапазонда) жоғары ішкі сәйкестікті көрсетті. **II . «Psychological capital» сауалнамасының («PsyCap-24») ағылшын тіліндегі нұсқасын бейімдеуге 1056 адам қатысты (N=1056). (Әл-**Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің,Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Ахмет Ясауи университетінің, Әлихан Бөкейхан атындағы Семей университетінің студенттері). Зерттеуге барлығы 656 адам қатысты, ал алынған әдістеменің тиімділігі қалған 400 респондентте тексерілді. Кронбахтың (α) және Макдональд (ω) сенімділік коэффициенттері 0,894- тен 0,908-ге дейін болды. Төрт түрлі (Өзіндік тиімділік, Тұрақтылық, Үміт, Оптимизм) сияқты өлшемнің ішінен «Психологиялық капитал» сауалнамасының үш факторлы моделіне (PsyCap-24 «Өзіндік тиімділік», «Тұрақтылық», «Үміт» өлшемдері қазақ тіліндегі үлгіге сәйкес келді. **III. Орыс тіліндегі «Психологиялық капитал» әдістемесін бейімдеудің жалпы талдамасы (Маралов В., Кудак М., Смирнова О., 2022**) 647 адамды құрады (N = 647). «Психологиялық капитал» өлшемінің орыс тіліндегі нұсқасы бұл үлгіде валидациядан өтпеді. Конфиматорлық факторларды талдау көрсеткіштері модельдің сәйкессіздігін және алынған сауалнама құрылымының сенімсіз білдіреді. Қайта тестілеу нәтижелері де уақыттық тұрақсыздықты көрсетті, сөйтіп бұл модельді осы психологиялық сипаттамаларды бағалау үшін пайдалану мүмкін еместігі анықталды. **Психодиагностикалық әдістерді қазақ және орыс тілдеріне аудару, бейімдеу және валидациялау алгоритмі бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды:** 1. Тест авторының бастапқы теориялық ережелерін талдау. Тақырып бойынша әдебиеттерді зерделеу. Содан кейін аталған тілдік мәдениет өкілдерінен алынған тест нормалары бойынша тесттердің қай жерде қолданылғанын, қандай

	әлеуметтік-мәдени контексте және кімге арналғанын нақтылау қажет . Талдаудың стандарттауға, жыныс пен жас құрылымына, кәсіби және мәдени сипаттамаларға сәйкестігін бағалау . 2. Тест пен оның нұсқауларын пайдаланушы тіліне аудару. Әдістемені бейімдейтін зерттеушілер үшін негізгі кедергілер әртүрлі елдердің халықтары арасындағы әлеуметтік-мәдени және тілдік айырмашылықтарға байланысты. Әртүрлі елдер өкілдерінің тестің мазмұнын анық түсінуін қамтамасыз ету үшін тілдік бірліктер мен санаттардың коннотативтік мағыналарын ескере отырып, басқа мәдениеттердегі сөздер мен сөз тіркестерінің эквиваленттілігіне балама табу өте маңызды.Осыған байланысты : 1) психология немесе психометрика саласында мамандандырылған екі тілді кәсіби аудармашылар тағайындалады (үш немесе одан да көп). Түпнұсқа әдістеменің қазақ/орыс тілдеріне тәуелсіз аудармалары. 2) Аудармалар салыстырылып, бір нұсқаға біріктіріліп, сәйкессіздіктер жойылады. 3) мәдени және тілдік ерекшеліктерді анықтау үшін қазақ және орыс тілді мамандардың сараптамалық бағалауы жүргізіледі . Терминология мен мазмұн мәдени айырмашылықтарды ескере отырып бейімделеді. 5) психодиагностикалық стандарттарға сәйкес келетін қорытынды тест әзірленеді. 6) қайта аудару және сапаны бақылау жүргізіледі. Соңғы қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалар кәсіби аудармашылармен түпнұсқа тіліне қайта аударылады. Түпнұсқа және қайта аударма нұсқалары сәйкессіздіктер мен бұрмалауларды анықтау және шешу үшін салыстырылады. **3. Пилоттық тестілеу** . Әдістеменің сенімділігі мен валидтілігін қазақ/орыс тілдерінде бағалау үшін репрезентативті үлгі бойынша зерттеу жүргізу . 4. Құрылымы мен валидтілігін бағалау . Тесттің валидтілігі мен сенімділігі психометриялық талаптарға сәйкес бағаланады. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларда репрезентативтілікті, сенімділікті, валидтілікті және сенімділікті бағалау келесі әрекеттерден тұрады: 1)әдіснаманы құрайтын элементтердің ішкі валидтілігін , сәйкестігін талдау . Ликерт сияқты өлшемдерді немесе басқа баллдық жүйелерді қолданған кезде өлшемдердің немесе төменгі өлшемдердің ішкі сәйкестігін бағалау үшін Кронбах α Cronbach және Макдональд ω McDonald’s omega коэффициенттері қолданылады). 2) эксплораторлы факторлық талдау немесе барлау (EFA) ішкі құрылымның және алынған факторлардың теориялық модельге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді. 3) конфирматорлық факторлық талдау (КФТ) алынған модельдің ішкі сәйкестігі мен адекваттылығын бағалауға , сонымен қатар аталған модельдің жиынтықтық жарамдылығын растау үшін қолданылады. 4) критериалды валидтілік (болжамдық немесе конвергентті/дивергентті) – өлшеу құралдарының сапасы мен дәлдігін бағалау үшін қолданылады, құралдың керек нәрсені шынымен дәл өлшейтініне және оны сенімді түрде орындайтынына көз жеткізеді. Пирсон немесе Спирман корреляция

	коэффициенттері, t-тесттер немесе ANOVA басқа жарамды өлшемдермен немесе критериалды өзгерістерді анықтауда топтарды салыстыру үшін қолданылады , ал ROC талдауы диагностикалық дәлдікті бағалау үшін қолданылады. **5.Қайта тестілеуге тұрақтылықты тексеру** . «Тест-қайта тестілеу» әдісін қолдану арқылы сенімділікті талдау. Спирман корреляция коэффициенті сияқты корреляция коэффициенттерін пайдалануға болады . 6. Алынған деректерді аналитикалық талдау: ішкі сәйкестікті, факторлық құрылымды және корреляцияларды тексеру. Талдау нәтижелері бойынша түзетулер енгізіледі. **7. Стандарттау және ендіру.** Нормативтік құжаттарды және пайдаланушыға арналған нұсқаулықты әзірлеу.Тестерді сәйкес үлгілерде стандарттау. Сынақ нормаларына сәйкестігін тексеру. Байқау аяқталғаннан кейін мамандарды оқыту және практикалық қолдану бағдарламасы іске қосылады. Scopus-та 1 мақала (35-тен жоғары процентиль көрсеткіш), Комитет ұсынған журналдарда 2 мақала, WoS дерекқорында 1 тезис (Q1 журналы), ҚазҰУ Ғылыми кеңесі ұсынған 2 монография жарияланды.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	Мыңбаева Айгерим Казыевна, пед.ғ.д., профессор (H-Index in Scopus - 4 (57103825700, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57103825700), Web of Sciences – https://www.webofscience.com/wos/author/record/597152, РИНЦ -10, https://orcid.org/0000-0001-9613-6030) https://www.researchgate.net/profile/Aigerim-Mynbayeva Мадалиева Забира Бекешовна, психология ғылымдарының докторы, профессор (H-Index in Scopus – 3 (57189508588), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189508588, Web of Sciences – 2 (https://www.webofscience.com/wos/author/record/24990875), РИНЦ – 3, https://orcid.org/0000-0003-4890-9240) https://www.researchgate.net/profile/Zabira-Madaliyeva Аринова Бакыт Айтуовна, педагогика ғылымдарының кандидаты (H-Index in Scopus - 2 (57191837300, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191837300) https://orcid.org-0002) Молдасан Қуаныш Шорманқызы, п.ғ.к., доцент (H-Index in Scopus – 2 (57191837811), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191837811, https://orcid.org/0000-0001-9777-0228) Оспанова Шолпан Талиповна, , магистр (https://orcid.org/0000-0001-8104-2015 Scopus 1-де Хирш индексі (59117526200), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26210) Әсілбек Нұртан Әділханұлы, магистр (Hirsch Index in Scopus – 2 (57392407500), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57392407500, https://orcid.org/0000-0001-73) https://www.researchgate.net/profile/Nurtang-Assilbek

	Чжоу Ми – PhD, (Scopus H-index 2 (58891199600), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58891199600, https://orcid.org/0000-0002-5663-287) https://www.researchgate.net/profile/Czou-Mi Ахтаева Надия Сейілханқызы – психология ғылымдарының докторы, профессор (Scopus H-index – 1 (58943227400), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58943227400, https://orcid.org/0000-0002-5265-532X) Мамаева Слушаш – экономист Бердибаева Света Қыдырбекқызы – психология ғылымдарының докторы, профессор (H-index in Scopus – 8 (56610225700), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56610225700, https://orcid.org/00136-01) Минажева Гүлшарат Салаватовна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Scopus Хирш индексі – 3 (57216621300) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216621300 Гумерова Альфия - PhD докторант, әлеуметтік ғылымдар магистрі (психология), https://orcid.org/0000-0002-3122-255X Шевелева Дарья – әлеуметтік ғылымдар магистрі (психология) https://orcid.org/0009-0009-8901-6239
Қолдану	Психологтар мен білім беру психологтарының білім беру, ғылыми және практикалық қызметінде валидация әдістемесін пайдалану жоспарлануда. Монографиялар университеттердің оқу процесінде қолданылады. «Жоғары оқу орындары студенттерінің психикалық денсаулығы» және «Психологиялық капитал» атты валидттелген әдістеме білім беру және корпоративтік басқару (ұйымдық менеджмент және психология) салаларында қолданылуы мүмкін.
Шынайы аналогтармен салыстыру басымдылғы	Тілдік басымдылық (яғни, нәтижелерді қазақ және орыс тілдерінде жариялаумен байланысты болады.) Әртүрлі елдердегі психологиялық бағалаудың дамуы туралы кітап ағылшын тілінде бар. Әлемдегі психодиагностика тарихын мәдениетаралық зерттеу бойынша Қазақстанмен салыстырмалы монографиялық талдау жоқтың қасы. Ағылшын және Қытай тілдеріндегі аналогтар бар. Тесттер қазақ және орыс тілдеріне аударылған. Психодиагностикалық тесттерді валидациялаудың апробациядан өткен алгоритмі Халықаралық ұйымдардың (International Test Commission) ұсыныстарына негізделіп жасалды.
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	Mynbayeva, A. K., Zhou, Mi, G., Minazheva, G., Seiitnur, Zh. Specifics of population psychodiagnostics on the example of Kazakhstan, China, and Japan: a comparative analysis // International Journal of Evaluation and Research in Education, 2025. 14(1). P.240-249. Febrary 2025. http://doi.org/10.11591/ijere.v14i1.30363 https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/30363 https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85210553861&origin=recordpage

	Berdibayeva, S (Berdibayeva, Sveta) ; Mynbayeva, A (Mynbayeva, Aigerim) ; Abdullina, G (Abdullina, Gulnar) ; Tuyakova, U. Determining the degree of internet addiction in adolescents based on personality traits using psychological diagnostic methods // JOURNAL OF BEHAVIORAL ADDICTIONS. – V.14. Supplement 1. Meeting Abstract. P-40 https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:001655879600208 Сейдулла G., Мынбаева, А., Стасюк, А. Білім берудегі психологтың профилактикалық құзыреттілігі: диагностика мен арт-әдістердің байланысы. *ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық серия*. 2025. *82*(1), 55–66. https://doi.org/10.26577/JES20258215 Мынбаева, А., Копенова, И., Әрінова, Б., & Гумерова, А. Студенттердің интернетті проблемалы пайдалануының диагностикасы: тұлғаның мазасыздануы мен өзін-өзі бағалауының байланысы // *ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. 2025. -№95*(4). – С. 39–51. https://doi.org/10.26577/JPsS20259544 https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/2189 Мынбаева А.К., Кабакова М.П. Психологическое образование в Казахстане: современные вызовы и решения // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы және профессор Қ.Б. Жарықбаев еске алуға арналған, Психология ғылымы және білім беру: тарихтан- болашаққа II Жарықбаев оқулары атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 52-58 бб. Рецензиялаудан өткен және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесі ұсынған төмендегідей монографиялар жарық көрді: 1) Мынбаева А.К., Мадалиева З.Б., Чжоу М. Кросс-культурный анализ истории развития психодиагностики в мире и Казахстане: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 260 с. ISBN 978-601-04-7265-5 2) Мынбаева А.К., Мадалиева З.Б., Аринова Б.А., Молдасан К.Ш., Чжоу М. Әлемдегі және Қазақстандағы психодиагностиканың даму тарихын кросс-мәдени талдау. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 252 б. ISNB 978-601-04-7264-8
Патент туралы ақпарат	жоқ